



# QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№6 (1919) 19 АҚПАН 2024 ЖЫЛ



## Білім саласына арналған АЛҚА ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Сапалы білім – сапалы адами капитал» тақырыбында өткен Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Оқу-ағарту министрлігінің бірлескен кеңейтілген алқа отырысына қатысты.

Жиынға премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова, ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп, Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов,

ҚР ҰҒА президенті Ақылбек Күрішбаев, қоғам және мемлекет қайраткері Жақсыбек Құлкеев, ЖОО ректорлары, мектеп директорлары, ғалымдар мен ұстаздар қатысты.

«Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім мен ғылым саласына үлкен көңіл бөліп отыр. Білім беру

жүйесіндегі міндеттердің сапалы орындалуы үшін мемлекет тарапынан ауқымды шаралар іске асырылуда. Білім саласын қаржыландыру көлемі 5,5 трлн теңгеге дейін, жалпы ішкі өнімнің 4,6 пайызына дейін жетті. Барлық деңгейдегі білім беру мекемесіндегі педагогтердің жалақысы соңғы жылдары екі есеге артты. Колледждер мен жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің шәкіртақысы өсті», – деді Тамара Дүйсенова.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ардагер оқытушы, профессор, Құрметті ғылым қызметкері, Ресей Жаратылыстану академиясының академигі Ләйла Ахметовамен кездесті.

## Әскери журналистика мәселелері талқыланды



Жүздесуде тараптар журналистика саласындағы, соның ішінде әскери журналистиканың түйткілді мәселелерін талқылап, дамыту жолын қарастырды.

Кездесу барысында Ләйла Сейсембекқызы университет ректоры Жансейіт Түймебаевқа білікті журналистерді даярлау бойынша оқу ордасында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтты.

Өз кезегінде ҚазҰУ басшысы университеттегі та-

банды еңбегі үшін және отандық әскери журналистиканың дамуына өлшеусіз үлес қосқаны үшін құрметті профессорға алғысын жеткізді. Сондай-ақ өз сөзінде ректор Ләйла Ахметованы 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтады.

«Сіз отандық журналистика саласына бірнеше буын шәкірттерді тәрбиелеген өнегелі оқытушы, білікті ғалымсыз.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев география және табиғатты пайдалану, биология және биотехнология факультеттерінің студенттерімен кездесті.

Еркін форматта өткен әңгімелесуде оқу ордасының басшысы ҚазҰУ-дың 90 жылдығы аясында өтетін шараларға тоқталып, болашақта атқарылатын жоспарлармен бөлісті.

Ректор жастарды сапалы

## Ректор студенттермен еркін форматта кездесті

білім алуға және ел болашағы үшін аянбай еңбек етуге шақырды. Университетте атқарылып жатқан жұмыстар мен ауқымды шараларды таныстырып, ғылыми жобаларға студенттердің белсенді атсалысу қажеттігін атап өтті.

Университет басшысы жас ғалымдар мен белсенді студенттерді ынталандыру мақсатында жастарға әлеуметтік қолдау көрсетудің артып отырғанын да жеткізді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей қолдауымен қалашықта әрқайсысы 1080 орынға арналған жатақханалар мен оқу ғимараттары бой көтереді. ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңі аясында университетте жастарға арналған демалыс орындары, ғылыми орталықтар мен зертханалар салынады.

Жалғасы 2-бетте



3-бет

Михаил НАУРЫЗБАЕВ:

ҚазҰУ бізді  
шыңдады



4-бет

Жандос ТАУАНОВ:

Біз заманауи  
оқу базаларын  
жасақтауға тиіспіз



5-бет

Қоршаған  
ортаның өзекті  
мәселелері  
талқыланды





## Білім саласына арналған алқа отырысы өтті



Соңы. Басы 1-бетте

Сөз соңында Тамара Дүйсенова ғылым мен білімді дамытуда, педагогтерді даярлау жүйесін жетілдіру жағын ойластыруға, түрлі саладағы мамандарды дайындауда қос министрлік бірлесіп жұмыс істеуі қажет екенін жеткізді.

Отырыс барысында Саясат Нұрбек пен Ғани Бейсембаев

министрліктің 2023 жылы атқарған жұмыс нәтижелері туралы баяндап, 2024 жылға арналған жоспарларын таныстырды.

Сондай-ақ жиында Нұртөре Жүсіп, Асхат Аймағамбетов, Ақылбек Күрішбаев, Жақсыбек Құлекеевтер сөз сөйледі.

Нұрсұлтан  
БАЗАРБАЙҰЛЫ

## Ғалымдар заң жобасын талқылауға қатысты



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде VIII сайланған ҚР Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палатаның отырысы өтті.

Жиынға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Айдос Сарым, Таңсәуле Серіков, Екатерина Смышляева, Анас Баққожаев, ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмед-Заки, ҚР ҰҒА өкілдері, ЖОО басшылары, ғылыми-зерттеу институттарының директорлары, сарапшылар мен зерттеушілер, ҚазҰУ-дың ғалым-сарапшылары қатысты.

Қатысушылар «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын талқылады.

Отырысты Парламент Мәжілісінің депутаты, Қоғамдық палатаның төрағасы Айдос Сарым ашты.

«Ғылым туралы заң – бәріміз үшін маңызды заңдардың бірі. Кез келген экономикалық көрсеткіштің өсуі ғылымның дамуына байланысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жалпы ішкі өнімді 2029 жылға дейін екі есеге арттыру

тапсырмасын жүктеген болатын. Бұл межеге ғылымсыз жету мүмкін болмайтыны анық», – дейді Айдос Сарым.

Өз кезегінде ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмед-Заки Президент тапсырмасымен әзірленген «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасымен таныстырды.

«Бірінші – ғылымды басқару жүйесінің құрылымын жетілдіру. Екінші – ҚР Ұлттық ғылым академиясының функцияларын кеңейту. Үшінші – Ғылым қорының функцияларын күшейту. Төртінші – ғылыми-техникалық ақпаратты жинау, өңдеу және талдау жөніндегі тетікті енгізу, келешекте сол туралы орталық құру. Бесінші – ғылыми қызметкерлердің, оның ішінде жас ғалымдарға әлеуметтік қолдау пакетін кеңейту. Бұл ұсыныстар 2023 жылы қаңтар айынан бастап 200-ден астам ғалымнан құралған топпен талқыланып, мәжіліске жолданды», – деді вице-министр.

Отырысқа қатысушылар заң жобасында қамтылмай қалған мәселелерді талқылап, пікірлерін білдірді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Соңы. Басы 1-бетте

Университетіміздің ардагер ұстазы ретінде елу жылдан астам уақыттан бері қара шаңырақ ҚазҰУ-да жемісті еңбек етіп келесіз. Әскери журналистика саласында іргелі зерттеулер жүргізіп, ғылыми-публицистикалық мақалалар жазып, мазмұнды монографиялар шығардыңыз. Екінші дүниежүзілік соғыс тарихына қатысты тың деректер жинап, қазақстандықтардың майдандағы ерлігін паш еттіңіз. Бүгінге дейін қол жеткізген табыстарыңыз халықаралық ғылыми қауымдастықта мойындалып, беделді марапаттарға ие болдыңыз. Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Құрметті ғылым қызметкері, Ресей Жаратылыстану академиясының академигі, Еуразиялық телевизия және радио академиясының академигі атандыңыз. Сіздің нәти-

## Әскери журналистика мәселелері талқыланды



желі еңбектеріңіз бен жеткен жетістіктеріңіз білім алушы жастарға үлгі-өнеге. Университет өзіңіздей зерделі ғалымдарын мақтан тұтады», – деді ректор.

Сөз соңында Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-ға сіңірген еңбегі үшін көрнекті ұстаз-ғалым Ләйла Сейсембекқызын «Әл-Фараби» Күміс медалімен марапаттады.

## Ректор студенттермен еркін форматта кездесті

Соңы. Басы 1-бетте

Осы игіліктердің барлығы студенттердің жағдайын жасау үшін іске асырылуда. Сіздер осы мүмкіндікті пайдалана отырып, жаңа Қазақстанды құруда үлкен жетістікке жетулеріңіз қажет», – деді Жансейіт Түймебаев.

Ректор жастарға сапалы медициналық қызмет көрсету, олардың спортпен шұғылдану мүмкіндіктерін кеңейту бойынша тапсырмалар берді.

Жансейіт Қансейітұлы студенттік асханалардың ас мәзірімен танысып, тамақтану жағдайын жақсартуға қатысты



білім алушылардың ұсыныс-тілектерін тыңдады.

Кездесуде оқу ордасының басшысы жастардың сұрақтарына жауап беріп, универси-

теттегі жұмыстар студенттердің пікірлерін ескере отырып, тиімді жүзеге асырылатынын баса айтты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстанда геоақпараттық технологиялар саласында кешенді қызметтер көрсететін ESRI сауда маркасының ресми дистрибьюторы Data+ International LLC компаниясымен ынтымақтастық меморандумына қол қойды.

Келісімге қол қою рәсімі ҚазҰУ басшылығы мен Data+ International LLC компаниясы өкілдерінің кездесуі аясында өтті.

Кездесуде ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Жәмила Айтжанова инженерлік және ғылымды қажет ететін технологиялар кластерінің жұмысына, оның ішінде конструкторлық бюро, Жерді зондтау орталығы және шағын ғарыш аппараттарын дамыту зертханасының қызметіне тоқталды.

Жерді зондтау орталығы негізінде жердің деградациясы мен шөлейттенуіне байланысты бірнеше жоба жүзеге асырылады, оған ЖОО оқытушылары мен студенттер қатысуда. Өткен жылы Жерді зондтау орталығы арқылы Data+ International LLC география факультетіне үш

## Data+ компаниясымен мәміле жасалды



жылға арналған геоақпараттық жүйелердің академиялық лицензиялық бағдарламаларын берді. Өткен жылдың қараша және желтоқсан айларында орталық қызметкерлері мен зерттеу тобының мүшелері компанияның сертификатталған орталықтарында білім алды. Data+ мамандары бүгінде жоғары оқу орындарының оқытушылары үшін геоақпараттық технологиялар саласында тегін оқыту курстарын жүргізіп келеді.

Data+ International LLC компаниясының бизнесті дамыту жөніндегі директоры Валерий Фомин компания қызметіне қызығушылық танытқаны үшін университет басшылығына алғысын білдірді.

«ҚазҰУ – Esri ресми дистрибьюторы Data+ компаниясымен ынтымақтастық туралы меморандум жасасқан алғашқы жоғары оқу орны. Бұл біздің университет үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады», – деді Инженерлік және ғылымды қажет ететін технологиялар кластерінің директоры Әмірхан Темірбаев.

Кездесу соңында білім беру, ғылыми-зерттеу қызметі және біліктілікті арттыру саласындағы компаниялар арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық шарттары айқындалған меморандумға қол қойылды.

Айнұр  
АҚЫНБАЕВА



**1959 жылы орта мектепті бітіріп, Қазақ химиялық-технологиялық институтына (Шымкент қ-сы) оқуға түстім. Әрі оқимын, әрі цемент зауытында жұмысшы болдым. 1960 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетіне ауысып келдім.**

ҚазМУ-ды аяқтағаннан кейін Аналитикалық химия кафедрасында стажер-зерттеуші, аспирант болып қалдым. 1970 жылдың шілдесінде академик М.Т.Козловский мен химия ғылымының кандидаты В.П.Гладышевтың басшылығымен «Сынап және амальгамалық электродтарда металдардың тотықсыздану процестеріне беттік-активті заттардың тигізетін әсері» деген тақырыпта 02.00.05 – Электрохимия және 02.00.02 – Аналитикалық химия мамандықтары бойынша кан-

зерттеу жұмыстарының бас локоморының академиктері – М.И.Усанович, М.Т.Козловский, Д.В.Сокольский, ҚазССР ҒА корреспондент-мүшелері Б.А.Бірімжанов, О.А.Сонгина, А.Ш.Шәріпқанов, Б.А.Жұбанов, проф. Т.К.Чумбалов және басқалар да қызмет істеді. Нақ сол тұста университет ұжымы ғылыми жұмыстарды жөнге қоюдың және дамытудың КСРО-ның жоғары оқу орындары арасындағы ең үлгілі өнегесі үшін КСРО Жоғары білім министрлігі мен Жоғары мектеп



**Михаил НАУРЫЗБАЕВ,**

Қазақстандық ғылым академиясы жоғары мектебінің академигі, профессор

# ҚазҰУ бізді шыңдады

дидаттық диссертация қорғадым.

Аспирантурада дәріс алғаннан кейін Аналитикалық химия кафедрасының кіші ғылыми қызметкері болдым. Сол кездері электрохимиялық анализ әдістері бойынша және таза металдар мен қорытпалар алу жөнінен шаруашылық келісімдік жұмыстарды басқаруға тура келді. Кафедра тұлғаларының аналитикалық химия, радиохимия және электрохимия салаларындағы дипломдық жұмыстарына жетекшілік еттім.

1972 жылдың ақпан айында маған университет ректоры Әмірбек Арысланұлы Жолдасбеков ректораттағы ҚазМУ-дың ғылыми-зерттеу секторын (ҒЗС) басқаруды ұсынды. Сол кезеңде университетте КСРО-ның белгілі ірі оқымыстылары басқарған танымал ғылыми мектептердің қуатты ұжымы жұмыс істейтін; олар үшін арнайы проблемалық лабораториялар ашылған. 70-жылдардың алғы шенінде бұл ғылыми мектептер іргелі мәселелермен айналыса отырып, заманасының айбынды мемлекетінің халық шаруашылығына аса қажетті нәтижелер ұсына-тындай деңгейге жетті.

1971 жылы университеттегі шаруашылық келісім бойынша жүргізілген ғылыми жұмыстардың жалпы көлемі 640 мың рубльді құрады. Ғылыми зерттеулерді өркендету үшін, университеттің материалдық базасын қуаттау үшін оқымыстылардың іргелі ғылыми зерттеулерінің нәтижелігін көтеріп, оларды халық шаруашылығында туындайтын мәселелерді шешуге бағыттау қажет еді. Бұл міндеттерді орындау жолында университеттің ғылыми ұжымы мен оның бас штабы – ғылыми-зерттеу секторының бірлесіп атқарған жұмысының үлесі мол. Университетте орындалатын шаруашылық келісімдік ғылыми жұмыстардың көлемі жыл сайын екі есе өсіп, 1984 жылы 9 млн рубльге жетті. Бұл Қазақстандағы басқа жоғары оқу орындарында жүргізілетін ғылыми зерттеулердің жалпы сомасынан асып түседі. Осы тұста ҚазМУ-дың ғылыми

кәсіподағы Орталық кеңесінің ауыспалы Қызыл туын бірнеше дүркін жеңіп алды.

Ұжымның өркендеуімен біз де шыңдалдық. Мысалы, мен ҒЗС-ты басқаруды жалғастыра келе (1976 жылдан аталуы – ҒЗБ), шағын ұжымыммен кандидаттық диссертациямдағы бастамаларды әрі қарай дамыту жолында зерттеулерді жалғастырдым. 80-жылдарға қарай М.Т.Козловскийдің шәкірті, дарынды оқымысты және тамаша адам Александра Ивановна Зебрева басқарған Аналитикалық химия кафедрасында және профессор В.П.Гладышев басқарған Электрохимиялық әдістері мен радиохимия проблемалық лабораториясында электрохимияның теориялық мәселелерімен және оның қолданбалы жақтарымен айналысқан жастардың ынтымақты ұжымы қалыптасты. Беттік-активті заттардың (БАЗ) электродтық реакцияларының жылдамдығына әсерін зерттеуге және металдарды анализдеу, бөлу және аса таза металдарды алу, тағайындалған қасиеттерге ие қорытпалар мен қаптамалар алу практикасына электрохимиялық әдістерді енгізуге терең назар аударылды.

Д.К.Меңдалиева бастаған топпен бірге ең алғаш бірқатар БАЗ-дардың температураны 338 К дейін көтергенде адсорбциялануы артып, тежегіш қасиеті күшейетіні анықталды. Бұл өндірістік электролиздегі жоғары температуралар жағдайында БАЗ-дарды кең қолдануға жол ашады.

Таллийді, мысты рафинациялау электродтары, мырышты, кадмийді электроэкстракциялау және ерекше металл мен қорытпалық қаптама түзетін электродтар алынды.

Сынап, амальгамалық және қатты электродтағы электродтық процестерге БАЗ-дардың тигізетін әсері бойынша жүргізілген зерттеулердің негізінде жасалған мысты рафинациялау процесі Балқаш және Жезқазған таулы-кендік комбинаттарында (Б.Б.Демеев, А.С.Хабиев, В.А.Светов т.б.) және мырышты электроэкстракциялау процесі Өскемен қорға-



**Бірнеше жыл ішінде химия факультетінің ұжымы оқыту және ғылыми потенциалын жоғалтпай, бұрыннан қалыптасқан дәстүрін сақтай отырып, қазір ҚазҰУ жаратылыстану факультеттері арасында алдыңғы қатарда.**

сын-мырыш комбинатында, Челябинск мырышэлектродиттік зауытында (В.В.Могильный, М.М.Ибраев, А.К.Қозыбаев, Д.С.Әжібеков) халық шаруашылық қажетіне енгізілді.

Осы бағыттағы еңбектеріміздің қорытындысы ретінде «Беттік-активті заттар қатысуында металдарды химиялық және электрохимиялық жолмен бөліп шығару әдістерінің ғылыми негіздерін жасау» атты (1992 ж.) докторлық диссертацияларды (05.17.01 – Бейорганикалық заттар технологиясы және 05.17.03 – Электрохимиялық өндірістер мамандықтары бойынша) және 20 кандидаттық диссертацияны атауға болады.

Менің жетекшілігімдегі шәкірттеріміздің ғылыми зерттеу нәтижелері 300-ден аса ғылыми жұмыстарда жарияланды. Ғылыми зерттеулердің жаңалығы мен құндылығын біз алған 50-ден аса авторлық куәліктер және патенттер дәлелдейді.

Өзім шамам келгенше жоғары дәрежелі мамандарды даярлауға үлес қостым: менің жетекшілік етуіммен 24 кандидаттық және докторлық (Д.К.Меңдалиева) диссертация қорғалды. Докторлық диссертация қорғау бойынша диссертациялық кеңестің мүшесі, сонымен қатар бейорганикалық заттар технологиясы және экология (химиялық ғылымдар) мамандықтарына сәйкес, кандидаттық диссертация қорғау бойынша диссертациялық кеңестің төрағасы болғанымды ерекше құрметпен еске аламын.

1983 жылы химия факульте-

тінің деканы болып сайландым. Бұл лауазымды орында өз ісіне беріліп істейтін ұстаздармен бірге оқу үрдісіне мамандық таңдау жұмыстарына ерекше назар аударып, студенттердің үлгерімін едәуір жоғарылаттық. Сөйтіп, ғылыммен қатар, оқу жүйесінде де жаңа белестерді бағындырдық.

1987 жылы мамыр айында докторлық диссертация жұмысын бітіру үшін өз еркіммен декан қызметінен босатылдым.

1988 жылы қаңтарда балалар маманы негізде Қазақ химия-технологиялық институтының ректоры болып сайландым. Институтта жоғары мектептің жақсы ұйымдастырушысы ретінде танылғаным ықпал еткен болуы керек. Үш жарым жыл ректорлық қызметімде институттың парасатты қызметкерлерімен бірге оны қиын жағдайдан шығаруға тура келді. Сол кезеңде КСРО-ның ЖОО министрлігінің аттестациялануынан өтпегені сылтауымен институтты жабу қаупі төнген болатын. Қайта аттестациялау арқылы ҚазХТИ ұжымын дағдарыстан шығардық. Нәтижесінде оқу-методикалық, тәрбиелеу жұмыстарының деңгейі жоғарылады. Осы жылдар ішінде жаңа сегіз қабатты институт ғимараты, төрт қабатты зертханалық ғимарат, институт жұмысшыларына екі тұрғын үй салынып, төрт қабатты жатақхана тұрғын үйге айналды, жоғары дәрежелі тұрғын үй құрылысы басталды.

1991 жылы қазан айында өз еркіммен ректор қызметінен босатылдым да, докторлық диссертациямды қорғағаннан кейін Алматыға оралып, ҚР Білім министрлігінің қолдауымен ашылған Эргономика институты директорының орынбасары болып жұмыс істедім. 1993 жылы қазанда ҚазҰУ-ға өзімді түлеткен Аналитикалық химия кафедрасының меңгерушісі ретінде оралдым.

1994 жылдың аяғында Аналитикалық химия кафедрасы және басқа факультет негізінде химия факультеті маңында ҚазМУ-дың Физика-химиялық зерттеу және анализдеу орталығын аштым. Онда мен ғылыми зерттеулер жүргізу,

анализдің жаңа тәсілдерін өңдеу, органикалық және бейорганикалық заттарды алу технологиясын өркендету, сонымен қатар Қазақстан Республикасының мекемелеріне химик-аналитиктерді даярлау және қайта дайындау (дәрежесін жоғарылату) жұмыстарымен айналыстым.

1995 жылы қаңтарда қайтадан химия факультетінің деканы болып сайландым. Бұл орында бұрынғы жұмысыма кірісіп, мамандыққа қызықтыру ісін ұжымға негізгі мақсат ретінде қойдым (бұл кезде химик мамандығына қызығушылық төмендегені сонша – 1994 жылғы 75 орынға 74 өтініш берілді). Бірнеше жыл ішінде химия факультетінің ұжымы оқыту және ғылыми потенциалын жоғалтпай, бұрыннан қалыптасқан дәстүрін сақтай отырып, қазір ҚазҰУ жаратылыстану факультеттері арасында алдыңғы қатарда. 2000 жылдың қазан айында декан қызметінен кетіп, ғылыми зерттеу жұмыстарына және ФХАӨ-ға көбірек назар аудардым. Сол тұста менің ұжымымның өндірген ғылыми жұмыстарының бағыттары мен ғылыми нәтижелері халықаралық (Прага, София, Стокгольм, Ыстамбұл т.б.) және бұрынғы бүкілодақтық (Мәскеу, Санкт-Петербург, Екатеринбург, Днепрпетровск, Тарту, Томск және т.б.) конференцияларда, жиындарда жоғары бағаға ие болды.

Өзім басқарған ұжым әлі күнге дейін алыс және жақын шетелдер – Ресей, Украина, Ұлыбритания, Дания, АҚШ, Португалия, Жапония, Қытай ғалымдарымен тығыз ғылыми байланыста. Польша (1975 жылы), Ұлыбритания (1985 және 1998 жылдары), Қытайда (1990, 2001 жылдары) ғылыми сапарда болып, Лондон университетінде, Лафборо қаласындағы химия-технология университетінде (Ұлыбритания), Варшава университетінде (Польша), Шанхай және Куньмин университеттерінде (Қытай) дәріс оқу бақыты бұйырды.

Өз басым шамам келгенше бар күш-жігерімді ҚазҰУ химия факультетінің деканы және ҚазХТИ ректоры қызметтерінде Қазақстанның жоғары химиялық білім беру жұмысын дамытуға жұмсадым деген ойдамын. ҚР Жоғары мектебі ғылым академиясының академигі, профессор ретінде көп жылдар бойы Қазақстан университеттерінің химиядан оқыту-методикалық кеңесін басқардым. Менің басшылығыммен маман моделі жасалды, бакалаврлардың және магистрлердің мемлекеттік стандарттары мен типтік оқыту жоспарлары құрастырылды. Сонымен қатар химиялық, криминалистік және экологиялық экспертиза сияқты жаңа университеттік мамандықтар ашылды. Қазір менің шәкірттерім Қазақстан Республикасының көп аймағында, Ресейде, АҚШ-та химия факультетінің даңқын көтере еңбек етіп жатқанын зор қуанышпен айта аламын.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушы-профессорларын, қызметкерлерін, магистранттар мен студенттерін білім ордамыздың 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!



## ҚазҰУ – жоғары оқу орындарының флагманы



**Құрметті ұстаздар! ҚазҰУ студенттері мен магистранттары!**

Біз Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін 40 жыл бұрын бітірдік. Биыл қара шаңырақ оқу орнының ашылғанына 90 жыл толды. Бұл бір ғасырға жуық уақыт. Осы мерзімде елімізге білікті де білімді кадрлар дайындауда ҚазҰУ-дың орны да, жөні де бөлек. Түрлі салада еңбек еткен, бүгінгі күні бел шешіп, білек сыбанып еңбек етіп келе жатқан университет түлектерінің, танымал тұлғалардың қатары қалың. Ұлттық университет – еліміздегі жоғары оқу орындарының флагманы. Жетістігі мен табысына қуанамыз. Жас ұрпақ аса білімді, парасатты, тәрбиелі болса деген тілегіміз зор.

Біз Қазақ ұлттық университетін «Менің университетім» деп мақтан тұтамыз. Білім ордасының заман көшінен қалмай, үнемі алдыңғы лекте болуына тілекшіміз.

Мерейлеріңіз үстем, мәртебелеріңіз биік болсын!

**Құрметпен Нүртіре ЖҮСІП,**  
сенатор, Сенаттың  
Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым  
комитетінің төрағасы

## Жеткен жетістіктерімізде ұстаздардың үлесі зор



**Қадірменді Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы, ҚазҰУ түлектері!**

Барлығыңызды іргелі оқу ордасының 90 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

ҚазҰУ десе, журфак десе, №5 жатақхана десе, жүрегі елжіремейтін журналист жоқ шығар, сірә. Университет қалашығында өткен күндер жайраңдаған жастықтың ғана емес, аудиториядағы ұлағатты дәрістердің де куәсі. Студенттік өмір бойымызға білім нәрін құйған ұстаздармен де бағалы. Журналистиканың әліпбиін үйреткен Тауман Амандосов, сатира жанрының қыр-сырына қанықтырған Темкең – Темірбек Қожакеев, «Бір туған» филфактан келіп дәріс оқыған Алма Қыраубаева, Жанғара Дәдебаев, журфактың марғасқалары Әбілфайыз Ыдырысов, Абдулхамит Мархабаев, Файзолла Оразаев, Намазәлі Омашев, Марат Ысқақов, Әшірбек Амангелдиев, Серікқали Байменше, Бауыржан Жақып, Амантай Шәріп сынды ұстаздардың еселі еңбегін мерейтой қарсаңында айтуға тиіспіз. Журналистика саласында белгілі бір жетістікке жетсек, онда ұстаздарымыздың үлесі бар.

ҚазҰУ-дың қашанда абыройы асқақ, мәртебесі биік болсын!

**Фабит МҮСІРЕП,**  
«Egemen Qazaqstan» газетінің бас редакторы, Президенттің БАҚ саласындағы сыйлығының лауреаты

## ҮЗДІК ОҚЫТУШЫҒА БЕС САУАЛ

1. Сіздіңше, «ЖОО-ның үздік оқытушысы» қандай болу керек, қандай талаптарға (педагогикалық, психологиялық және т.б.) жауап беруге тиіс?
2. Дәріс оқитын пәніңіз бойынша оқу бағдарламасы көңіліңізден шыға ма? Сіздің ойыңызша, оны жетілдіру үшін не істеуге болады?
3. Білікті маман даярлауда біздің қоғамның қандай кемшін тұстары бар, атай аласыз ба?
4. Жастардың білім деңгейі көңіліңізден шыға ма?
5. «Қоғам сауатсызданып барады» деген көзқараспен келісесіз бе?

1. Үздік ұстаз терең білімді ғана емес, ақпаратты тиімді жеткізе алатын өз ісінің маманы болғаны абзал. Сонымен қатар ол шыдамды, зейінді, түрлі оқу стильдеріне бейімделе алатын және коммуникативті дағдылары жоғары болуға тиіс. Үздік оқытушы білім алушылардың қажеттіліктеріне аса мұқият болып, олардың пәнге деген қызығушылығын оятып, сыни тұрғыдан ойлауын дамытып, өзін-өзі дамытуға ынталандыруы керек. Қазіргі жағдайда үздіктер қатарында болу үшін ғылыми жұмыстармен белсенді айналысу, коллаборация орнату, өзін дамыту курстарына жазылу және білім саласы бойынша мемлекетте болып жатқан жиындарға, яғни нетворкингке (networking) жиі қатысу аса маңызды деп ойлаймын.

2. Өзім дәріс оқитын пәндерім бойынша оқу бағдарламасына жалпы қанағаттанамын. Дегенмен интерактивті сабақтар, зертханалық жұмыстар және

**Президентіміз Қ.Тоқаевтың «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» атты «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында «...өзіміздің төл жаңа жылымыз – Өз Наурызды естен шығармаған жөн. Бұл мейрам – тіршілікті түлете келетін нағыз табиғи жыл басы. Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді», – деп, Наурыз мейрамын, яғни жаңа жылымызды жаңа форматта өткізу жөнінде ұсынысын жеткізді.**

Наурыздың 2500 жылдық жазбаша тарихы бар екені белгілі. Кезінде Мәшһүр Жүсіп былай деп жазған: «Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – Наурыз-дама».

Ағартушы ақын Ғұмар Қараш сонау 1919 жылы «Хамал (наурыз) басында қазақ ғұрпынша жаңа жыл кіріп, ескі жыл шығады. Ескі өліп, жаңа тірілгенде өлгенді еске түсіріп, жақсы жағын, қылған

**Жандос ТАУАНОВ,**

PhD, Химиялық физика және материалтану кафедрасының аға оқытушысы:

## Біз заманауи оқу базаларын жасақтауға тиіспіз

заманауи технологияларды пайдалану сияқты оқыту әдістерін енгізу арқылы бағдарламаны жақсартуға болады деген ойдамын. Бағдарламаны жаңарту және еңбек нарығының заманауи талаптарына сай болу үшін студенттердің пікірлерін ескеріп, жүйелі түрде шолу жасап отыру да маңызды. Кейбір жағдайда оқытушылар өте ескі әдебиет көзін қолданады, ал ғылым және білім саласы жыл сайын жаңарып тұрады, үздіксіз дамуда. Сондықтан білім алушыларға қазіргі таңда қолданыстағы, тіпті болашақта қажет болатын жаңа білімнің қайнар көзі ретінде болуға тиіспіз және олардың да ізде-

німпаздық қасиеттерін дамытқанымыз жөн.

3. Білікті мамандарды даярлауда белгілі бір кемшіліктер жоқ емес. Мысалы, студенттердің кәсіби жұмыстың нақты қиындықтарына дайындық деңгейін төмендетуі мүмкін тұсы зертханалық дайындық пен тәжірибенің жеткіліксіздігі жиі кездеседі. Студенттерге зертханалық тәжірибе мен олардың оқу деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін бизнеспен және өндіріспен байланысты нығайту

дай-ақ оқушылардың сыни ойлауын, дербестігін, шығармашылық қабілетін дамытуға қолдау көрсету маңызды. Мысалы, ай сайын әртүрлі тақырыпта ақпараттық кездесулер өткізуге болады: шетелдерге оқуға түсу, АҚШ-та немесе Еуропа елдерінде жұмыс істеуге қандай мүмкіндіктер бар деген сияқты.

5. «Қоғам сауатсызданып барады» деген пікірге қосыламын. Ақпаратқа оңай қол жеткізуге болатын қазіргі заманда адамдардың ақпаратты сыни тұрғыдан ойлау,



талдау және таңдап қабылдау дағдыларын дамыту маңызды. Бұл мекемелер тарапынан тек білім беру күштерін ғана емес, сонымен қатар қоғамның оқу мәдениетін қалыптастыруға, біліммен бөлісуге және білім беру бастамаларын ынталандыруға белсенді қатысуын талап етеді.

**Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ**

## Ұлттық идеямен ұштасқан мейрам

жұмыстарын айтып отыру әдет» деп жазыпты. Дәл осы тұста «хамал немесе амал деген не» деген сауалға жауап берсек деген ойымыз бар. Наурыз мерекесіне байланысты «амал кірді», «амал келді» деген сөз айтылатынын білеміз. Шығыс елдеріндегі күн (шәмси) күнтізбесі бойынша, наурыздың басталуы хамал (амал) айының 1-жұлдызы болып есептеледі. Хамал – Тоқты шоқжұлдызының ескі парсыша атауы. Күн мен түн теңеліп, амал кірген сәтте Тоқты шоқжұлдызы туады. «Наурыз» сөзі парсының «жаңа күн» дегенін білдіреді. Қазақтар бұл күнді «наурыз» демей, «амал» деген. Бұл қазіргі күнтізбе бойынша 14 наурызға сәйкес келеді.

Қазақ ауылдарында ертеде тайқазан, нарқазан деп аталатын үлкен қазандар болған. Қазан – сонау скифсақ, ғұн заманынан келе жатқан «жеті қазынаның бірі». Қожа Ахмет Ясауи мавзолейіндегі тайқазан – көшпенді халықтың береке мен бірлігінің символы. Қазақтың ертегі-жырларында алтын қазанды іздеу салты кездеседі. Ертеректе Наурыз мейрамында ауылдың тайқазанына әр үй өзінің жеті түрлі тағам қосып пісіріп әкелген көжесін құятын,

маңызды. Зертханалық сабақтарға қажетті құрылғылармен қамтамасыз ету – жоғары білікті мамандарды даярлаудың алғышарты. Сол себепті кез келген ЖОО нарық қажеттілігін, білім алушылардың сұранысын ескере отырып мейлінше сапалы әрі қолданбалы білімге қажет заманауи оқу базаларын жасақтауға тиіспіз.

4. Университеттегі жастардың жалпы білім деңгейін жақсы деп бағалаймын, бірақ, әрине, кез келген салада жақсартуға болатын тұстары кездеседі. Студенттерге ғылыми зерттеулерге, тәжірибелік жобаларға және тағылымдамадан өтуге көбірек мүмкіндік беру керек. Сон-

Наурызкөже дайындау әдісінде аймақтық ерекшеліктер байқалады, арпа, ағарған, сүр ет қазақ жерінің барлық өңіріне ортақ болса, батыста, Сырдың төменгі ағысы бойында жүгері, тары, оңтүстікте маш, бұршақ, кеспе қосады. Жетісудың шығыс бөлігінде «көпкөже» дейді.

Қорыта айтқанда, мұсылман халықтарының тұрмысында ислам дінінен бұрын байырғы зороастризммен бірге сіңген, тамырын тереңнен тартқан бұл мереке халықтың салт-санасында, тарихи санамызда берік орныққан. Сондықтан қазақ халқы басынан қанша жаугершілік, ашаршылық жылдарды өткерсе де, Наурызды ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізген. Мұндай мейрамдар – ұлттық идеямен ұштасып жататын ұлттық сананың бір көрінісі деп есептейміз. Кезінде Алаш арыстары Наурызды барынша насихаттап, елін езігден алып шығып, ұлттың рухын көтермекші болды. Енді егемен ел болғанда, Ұлыстың ұлы күнінің халық жадынан ұмытылған сыры мен қырын қайта жаңғыртып, Президентіміздің сұхбатында айтылғандай, төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өту жолында жұмыс атқару бүгінгі күннің басты талабы деп санаймыз.

**Айша БЕГАЛИЕВА,**  
ЖОО-ға дейінгі  
дайындық кафедрасының  
аға оқытушысы



# Қоршаған ортаның

## өзекті мәселелері талқыланды

**География және табиғатты пайдалану факультетінің Картография және геоинформатика кафедрасының профессоры Ә.Көшімнің ұйымдастыруымен студенттер жұмыс беруші мекемелердің мамандарымен кездесті.**



Кездесуге Төтенше жағдайлар министрлігі «Сейсмология институты» ЖШС техногендік сейсмикалық зертханасының жетекші ғылыми қызметкері Еркен Зейноллаұлы, «Қазсельзащита» ММ Төтенше жағдайлардың алдын алу және қорғаныс құрылымдарын пайдалану басқармасының бастығы Бауыржан Әбішев, Төтенше жағдайлар және табиғи апаттар қаупін азайту орталығы директорының орынбасары Мейманбек Чекирбаев, Төтенше жағдайлар және табиғи апаттар қаупін азайту орталығының бас сарапшысы Бақтияр Маратұлы, Төтенше жағдайлар және табиғи апаттар қаупін азайту орталығының бас сарапшысы Зульфия Серікқызы келді.

Басқосуда сөз алған факультет деканы Ә.Ақтымбаева жиынға келген мамандарға алғыс айтып, болашақта бірлесе жұмыс істеуге, сонымен қатар студенттерге қолдау білдіріп жұмыс тәжірибелерімен бөлісуге, университет аясында жұмыс берушілермен арада ұйымдастырылатын түрлі іс-шараларға белсенді қатысуға шақырды.

Кездесуге келген мамандар өз жұмыстарын видеороликтер арқылы таныстырып, студенттерді өз мекемелерінен тәжірибеден өтуге және болашақта жұмыс істеуге шақырды. Қазіргі таңда табиғи қауіптердің алдын алу, болжау және қауіптен кейінгі табиғатқа тигізген себеп-салдарымен жұмыс істейтін мамандардың тапшылығын тілге тиек етті. Осыған байланысты кафедрада дайындалатын «Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» маманды-

ғының студенттерін жақсы білім алып, әрі қарай бірлесе жұмыс істеуге, түрлі жобаларға қатысуға үндеді. Өздерінің бағыттары бойынша атқарылған жұмыстарын және қолға алған жобалары туралы барлық ақпарат ашық түрде әлеуметтік сайтта берілетінін, мәліметтерді өздерінің сабақтарына, курстық және дипломдық жұмыстарына пайдалануға болатынын айтып өтті.

Басқосуда елімізде болып жатқан табиғи апаттар туралы, яғни қазіргі таңда өзекті болып отырған, далалық экожүйенің жүрегі – ақбөкендер мәселесі, Алматы қаласына қауіп төндіретін жер сілкінісі, сонымен қатар сел жүруі қаупі туралы да пікірталас болды.

Ғалымдардың соңғы зерттеулері бойынша, жайылымдық жерлер шектен тыс пайдаланудан ғана емес, пайдаланылмай бос жатқаннан да азып-тозады. Жан-жануарлардың тұяғы немесе шалғы тимеген шабындық-жайылымдағы табиғи өсімдіктер тұқым шаша алмай, шашса да, жерге енгізе алмай, оның есесіне қажетсіз өсімдіктер өсіп шығып, жерге су сіңдірмей, топырағының құнарлануына, өсімдіктер дүниесінің дамуына кері әсерін тигізеді. Мұндай жерлер өртеніп кетуге де бейім тұрады. Бөкен шөпті таңдап-талғап жейді, қой сияқты түбінен үзбейді, тек жоғары жағынан кертіп алып қана жайылады. Көбіне әр жердегі шөпті теріп, жүре жайылады. Сондықтан өсімдіктердің өсуі тоқтамайды, керісінше, тұқымын шаштырып, оны үшкір, аша тұяқтарымен жерге енгізеді. Міне, осы себепті де біз

ақбөкендердің жойылып кетуіне немесе басқа елге қоныс аударуына жол бермеу керек екені айтылды. Сонымен қатар Алатаудың шыңындағы мұздықтар көлеміне қатысты да сөз қозғалды. Мұздықтардың еруінен елімізге келетін зардаптар туралы түсірілген видеолар көрсетілді. Алматы қаласын селден қорғау үшін жасалған әртүрлі шаралармен студенттер жақынырақ таныс болды.

Сондай-ақ студенттер өздері таңдаған мамандықтың қаншалықты маңызды екенін сезініп, өздерін мазалаған сұрақтарына толық жауап алды.

Кафедра профессоры Әсима Ғалымжанқызы сөз алып, кафедра бойынша жаңадан ашылған «Табиғи техногендік қауіп-қатерлер» мамандығының студенттері үшін арнайы мамандармен кездесу өте маңызды екенін және мамандықтың қажеттілігі туралы айтып өтті.

